# Хаттама №3

Қ. Рысбеков атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернат-тың 2025 жылдың қыркүйектің 9-ы күні кезектен тыс педагогикалық кеңес болып өтті.

Қатысқандар:

Қатыспағандар:
Төраға: А. Бекжанов
Хатшы: А. Кобеева

Күн тәртібі:

1. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы „Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала білім беру қызметінде өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру туралы

мектеп директоры А. Бекжанов

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша мектеп басшысы А. Бекжанов сөз сөйледі. ҚР. Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің №18-16 1541, №1420 02.09.2024ж хатымен таныстыру Білім саласында, сапаны қамтамасыз ету департаменті 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесіне сәйкес, қыркүйек-желтоқсан айлары аралығында 162 білім беру ұйымы мемлекеттік аттестаттаудан өтетінін хабарлайды.
Білім беру ұйымының тізімінде: „Қ. Рысбеков атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернатта бар. Департамент мемлекеттік аттестаттауды меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық профилактикалық бақылау арқылы бес жылда бір рет ҚР. кәсіпкерлік кодексіне және „Білім

туралы ҚР Заңына сәйкес жүргізеді. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 ж. 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген. Аттестаттау ережесімен толығымен таныстырып өтті. Келесі кезекте білім беру қызметінде өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру туралы айтып өтті. ҚР-ның „Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңының 5-бабының 54-тармақшасын орындау, мектепті аттестаттау жұмысына дайындық жүргізу мақсатында „Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы „ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстырды.

Мектепте өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 ж. 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы басшылыққа алынады. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін төмендегі комиссия тобы құрылды.
Комиссия төрағасы: мектеп директоры А. Бекжанов.
Комиссия төрағаның орынбасары: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н. Накипова
Комиссия төрағаның орынбасары: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Г. Уразбекова.
Комиссия мүшелері:
Д. Ильясов - директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары.
П. Куншисова - директордың ғылыми ісі жөніндегі орынбасары
Г. Балтабаева - қазақ тілі мұғалімі
Ж. Ертай - көркем еңбек пәні мұғалімі
А. Исмайлова - қазақ тілі мұғалімі
А. Рысбаева - педагог-психолог
А. Алагозова - тәрбиешілер бірлестігінің жетекшісі.
Мектептің құжаттарын профилактикалық бақылауға (мемлекеттік аттестаттауға) дайындау, өзін-өзі бағалауды ұйымдастырудың жұмыс

жоспары жасалынып, ұжымға таныстырды. Мектептің жылдық оқу жоспары, МЖМБС мақсат-міндеттері сәйкестігі, оқу жоспары мен сабақ кестелерінің сәйкестігін Bilim Class электронды журналы арқылы бағалау бейінді оқыту жоспары мен құжаттарын ретке келтіру, вариативтік компонент құжаттарын ретке келтіру, оқу бағдарламаларының орындалуы, оқу жоспары және сабақ кестесінің талапқа сай болуы үйде оқытуды ұйымдастыру „Өмір қауіпсіздік", „Жолда жүру ережелері" оқу курсы т.б. іс-шаралармен таныстырып өтті.

Жиналыс қаулы етті:

1. Мектепішілік өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша комиссия мүшелері құрылсын
2. Мектепішілік өзін-өзі бағалау бойынша іс-шаралар жоспары жасалап, бекітілсін
3. Мектепішілік өзін-өзі бағалау мерзімі бекітілсін
4. Өзін-өзі бағалау қорытындысы 1-қазан күні өткізілетін кезектен тыс педкеңесте қаралсын.

Мектеп директоры: А. Бекжанов

Хатшы: А. Кобеева